


*Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжі*



*Айтыбаева Ақмарал
Бауыржанқызы
4-ВО-1 тобы*

*Мамандығы: 0102000 «Тәрбие жұмысын
ұйымдастыру»*

*Біліктілігі: 0102013 «Білім беру
ұйымдарының тәрбиешісі»*

*Тақырыбы: “Оқушылардың
темпераментін оқу-тәрбие ісінде
есепке алу”*

Кіріспе

Егеменді еліміздің болашағы жас жеткіншектердің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Қазіргі заманғы білім беру әлеуметтік құрылымының маңызды элементтерінің біріне айналды. Адамның жеке басын қалыптастыру негізі бастауышта және орта мектепте қаланатыны бәрімізге белгілі. Мектепте оқушыларға білімнің қыры мен сырын жетік таныту, қабілеттерін шыңдау, мінез-құлқын жан-жақты етіп тәрбиелеуде олардың темпераменттеріне ерекше көңіл бөліп, Қазақстан Республикасының азаматы деген атаққа лайық болатындай етіп тәрбиелеу - біздің міндетіміз болмақ.

Зерттеу мақсаты: Оқушылардың темперамент ерекшеліктерін оқу-тәрбие ісінде есепке алудың тиімді шарттарын анықтау.

Зерттеу объектісі: Оқушылардың темперамент ерекшеліктері.

Зерттеу пәні: Оқушылардың темпераментін оқу -тәрбие ісінде есепке алу үрдісі.

Зерттеудің міндеттері:

- Оқушылардың темпераментін оқу –тәрбие ісінде есепке алудың жолдарын анықтау.
- Оқушылардың жалпы психикалық даму ерекшеліктерін айқындау;
- Оқушылардың темпераментін оқу-тәрбие ісінде есепке алу бағытында қалыптастырушы эксперимент материалдарын дайындау.
- Оқушылардың темпераментін оқу-тәрбие ісінде есепке алу барысындағы педагогикалық, психологиялық, зерттеулерді салыстыру.
- Педагогикалық, психологиялық әдебиеттерге баспасөз материалдарына талдау жасау.

Зерттеу болжамы: Егер оқушының темпераментін оқу-тәрбие үрдісінде дұрыс есепке алсақ, онда оқушының сабаққа ынтасы артып, қабілеттері дамып, оқу-тәрбие үрдісі нәтижелі болады.




Эрнст Кречмер
(1888-1964)

1921 ж. өзінің "Тән құрылысы және мінез" атты белгілі еңбегінде темперамент адамның тән құрылысының белгілі психикалық ерекшеліктерімен байланысты деген пікір білдірді.



Вильгельм Вундт
(1832-1920)

Неміс психологі Вундт ХІХ ғ. аяғында — темпераментті жылдамдықтың және "жан қозғалыстарының" күштерінің арақатынасы деп білді.



П.Ф. Лесгафт (1837-1909)

Көрнекі орыс педагогы П.Ф. Лесгафт темпераменттерді қан сауыттарының жуандығы мен кеңдігіне байланысты деп тұжырымдады.

Орыс антропологы Зеланд Н.Л. (1833-1902) темпераменттің анатомиялық, физиологиялық негізі туралы айта келіп оны ми қабықшасындағы малекулярлық қозғалыстың жылдамдығы мен біркелкілігіне байланысты түсіндірді.

1. Темперамент ілімінің теориялық негіздері.

Темперамент — адамның жүйке қызметінің қасиеттерінен көрінетін, мінез-құлқының импульсивті-динамикалық көрінісінің жалпылама сипаттамасы болып табылады.

Темперамент жайлы теорияларды үлкен үш топқа бөлуге болады:

- Гуморальді теориялар;*
- Конституционалды теориялар;*
- Жоғары жүйке жүйесі ерекшеліктеріне байланысты темпераментті түсіндіруші теориялар.*

2. Темперамент ұғымы, типтері.

Темперамент (лат. *temperamentum* - бөліктердің қажетті арасалмағы) адамның психикалық іс-әрекетінің динамикасын сипаттайтын тұрақты жеке ерекшеліктердің: психикалық процестер мен күйлер ағысы қарқындылығының, жылдамдығының, ырғағының - жиынтығы.

Темперамент дегеніміз психикалық процестердің өтуінің динамикалық ерекшеліктерін және адам мінез-құлқын, олардың күшін, жылдамдығын, пайда болуын, тоқталуы мен өзгерісін сипаттайтын қасиеттер жиынтығы.

Темперамент түрлері: Холерик, Флегматик, Сангвиник, Меланхолик.

2.1 Оқушылардың темпераментін оқу – тәрбие ісінде есепке алудың мәні.

Темперамент сырттан әсер еткен ықпалдардың, тәрбие жұмыстарының әсерімен өзгереді, соның негізінде оқушылардың бойында қажетті, құнды мінез-құлық сапалары қалыптасады.

Әрбір оқушының темпераментін біле отырып, оның бойындағы тәрбиеге кедергі келтіретін жағымсыз мінез-құлқындағы кемшіліктерді жоюға бағытталуы қажет, әрбір оқушының іс-әрекетін ұйымдастыруда осыны ескеріп отырған жөн. Темпераменттерді тәрбиелеуде оқушының ерік –жігерін, мінез бітістерін, мінез –эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастырыла жүргізілгені дұрыс.

2.2. Темперамент типтеріне сипаттама

Темперамент типтері – тұлғаның психикалық қасиеттерімен сәйкес келетін заңды құбылыс немесе байланыс. Крассис (лат.- темперамент) – Гиппократ бойынша қатынас, пропорция.

Холерик (грек. chole — өт)

Сангвиник (лат. sanguis — қан)

Флегматик (грек. phlegma — сөл)

Меланхолик (грек. melanos — қара, cole — өт)

2.3 Холерик пен сангвеник – экстраверт

Экстраверт және интроверттерминдерін Швейцария психологі Карл Густав Юнг қолданысқа енгізген.

Холерик пен сангвеник – экстраверт. Себебі олар:

- айналасындағылармен тез араласуға бейім тұратын;*
- публика алдында сөз сөйлегеннен қысылмайтын;*
- кез-келген әрекетін сыртқы ортамен бөлісетін оқушылар.*

2.4 Меланхолик – флегматик – интроверт

Меланхолик – флегматик – интроверт. Себебі олар:

- жалғыздықты сүйетін;*
- өз-өзімен сөйлескенді ұнататын;*
- ішкі әлемінде өмір сүретін оқушылар.*

3. Эксперимент бөлімі

Айзенктің темпераментті анықтау тесті.

Мақсаты – оқушы темпераментінің ерекшеліктерін айқындау .

Осы әдістемені қолдану арқылы тек темперамент типі анықталып қана қоймастан, сонымен қатар оқушылардың экстраверсия - интроверсияның қайсысына жақын екені анықталады.

Көбінесе темперамент бірнеше түрінің қосындысы болып келеді. Сондықтан темпераментті зерттеу нәтижесінде доминанта көрсеткіші темпераменттің қай типінен екенін анықтап, қосалқы көрініс берген типтердің де мінездемесіне үлкен көңіл аударған дұрыс. Темперамент типін анықтау негізінде оқушыларға олардың жүйке процестерінің күшті және әлсіз, теріс көрсеткіштерін анықтап беріп, өзін-өзі тәрбиелеу барысында теріс көрсеткіштерінің әсерін төмендету қажет екені түсіндіріледі.

Эксперимент жұмысы Өскемен қаласы «Нұрорда» мектеп-лицейінде жүргізілді. Экспериментке қатысушы сыныптар: 2 “б”– 21, 2”а”- 22

Эксперименттің анықтаушы кезеңінде эксперимент және бақылау сыныптағы оқушылардың темперамент типтері анықталды.

| № | Темперамент типі | Эксперимент сыныбы | Бақылау сыныбы |
|---|------------------|--------------------|----------------|
| 1 | Сангвиник | 41%, | 38%, |
| 2 | Флегматик | 25 %, | 20%, |
| 3 | Холерик | 15%, | 18%, |
| 4 | Мелонхолик | 19%, | 24%, |

Қорытынды.

Темперамент психикалық процестердің желісінде көріне отырып, еске түсіру, қабылдағанды бекіту жылдамдығына ықпалын тигізеді, ой жүйріктігі мен зейін тұрақтылығын және оның ауыспалығын айқындап береді.

Темпераменттерді тәрбиелеуде оқушылардың ерік – жігерін, мінез бітістерін, сезім эмоцияларын тәрбиелеумен ұштастыруға жүргізілген дұрыс. Оқушылардың өзін - өзі ұстай алу қабілетінің дамуы темперамент тәрбиесіне жақсы жәрдем береді.

Темперамент келесі құбылыстарда көрінеді:

- Оқушының жалпы белсенділігінен;*
- Қозғалу ерекшелігі және сөздік қозғалу ерекшелігінен;*
- Эмоционалды процестер ерекшелігінен: эмоцияның туындау және өшу жылдамдығы, күші мен тереңдігі, эмоционалды аймақтың сапалық қасиеті, яғни кез келген эмоцияны бастан кешіру жылдамдығы және т.б.*

Темперамент – адамның психикалық әрекетінің нақты динамикасын айқындайтын психиканың дара қасиеттерінің жиынтығы.

Темперамент тұлғаның барлық психикалық көріністеріне реңк беріп отырады, ол эмоция мен ойлауға, еріктік қимыл-қозғалысқа, сөздің сарыны мен ырғағына әсер етеді. Бірақ темпераментке оқушының моральдық тәрбиесі, әлеуметтік бағдары, әуестенуі, қызығуы тәуелді еместігін естен шығармаған абзал.